«8D02304 – Edebiyat uzmanlığı» doktora programı kayıtlı öğrencisi: Oralbek Almas tarafından sunulan «Abdigali Sariev'in edebi mirası: yaratıcılık, şiirsel ortam, tekstolojisi (el yazması temelli)» başlıklı araştırma tezi, çalışmasına: yurtdışı danışmanının (filoloji bilimleri doktoru, profesör Mehmet Açа)

FİKRİ

Doktora öğrencisi Oralbek Almas'ın «Abdigali Sariev'in edebi mirası: yaratıcılık, şiirsel ortam, tekstolojisi (el yazması temelli)» başlıklı araştırma çalışması, henüz araştırma konusu haline gelmeyen taze bir çalışma denilebilir.

Çalışmanın ana içeriği iki bölümden oluşmaktadır. Bununla beraber anlamını açıklayan ve tamamlayan altbölümlerden meydana gelmektedir. Tezin araştırma hedefi, şair Abdigali Sariev'in şiirsel ortamı, yaratıcı yaşamı, şairin eserlerinin toplumsal rolü ve ozanın eserlerinin öneminin ortaya konulmasını amaçlayan kapsamlı bir çalışmadır.

Abdigali Sariev'in ozan olarak gelişimi, şiirsel çevresi ve kendisinden önce yaşamış ünlü şairlerin geleneğiyle başlar. O dönemde Yedisu şiir ekolünün yüksek seviyesi, şair Abdigali'nin ateşli şiirleri ve içinde yaşadığı toplumu doğru bir şekilde tasvir etmesi üzerinde gerçek bir etki yarattı.

20. yüzyılın başında yaşayan Kaban Zhyrau, Canak, Tübek, Kempirbay, Öske, Kulmambet, Mayköt, Karkabat, Sarbas, Dosmagambet, Sabyrbay gibi halk ozanların dışında birçok şair hâlâ incelemeye ihtiyaç duyuyor. Bunlar arasında, döneminin önde gelen şairi Abdigali Sariev'in hayatı ve eserleri yeterince araştırılmamış ve bilimsel alanda kendine yer bulamamıştır. Şairin geride bıraktığı edebi miras yeterlidir. Ozanın üç ciltlik şiir koleksiyonunda asil eserler toplanmış, metinsel analizler yapılmıştır.

Tez çalışmasının teorik ve metodolojik temeli, edebiyat biliminin, bilimsel araştırmanın başarıları tarafından yönlendirildi. Özellikle kazak şiirine, tarihine ve teorisine ve şairlerin, zhyraularun, zhyrshıların çalışmalarına adanmış işler, araştırmanın ana metodolojik ve bilimsel bir temele sahipti. M. Auezov, S. Mukanov, M. Gabdullin, K. Zhumaliev, E. Ismayilov, B. Kenzhebaev, S. Begalin, Z. Kabdolov, Z. Akhmetov, M. Zoldasbekov, S. Sadyrbaev, S. Kaskabasov, N. Torekulov ve diğerleri. bilim adamlarının çalışmaları ve bilimsel araştırmaları dikkate alınıp, ihtiyaçları doğrultusunda faydalanılmıştır.

Doktora öğrencisi Oralbek Almas'ın, Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve bilim alanında, Yüksek tasdik komitesi tarafından onaylanan bilimsel dergilerde ve yabancı yayınlarda araştırma çalışmalarının ana içeriği hakkında makaleler ve raporlar yayınladı. Tezin ana çözümlerini ve sonuçlarını yayınlamak yeterlidir.

Bu görüşleri dikkate alarak, tezin yazarı Oralbek Almas'ın «8D02304 – edebiyat uzmanlığı», felsefe doktoru (PhD) derecesini hak ettiğine inanıyorum. Dolayısıyla bu alandaki ilk araştırma çalışması olarak «Abdigali Sariev'in edebi

mirası: yaratıcılık, şiirsel ortam, tekstolojisi (el yazması temelli)» başlıklı tez çalışmasının tez konseyinde savunmaya sunulması için layıktır.

Yurtdışı danışmanı, filoloji bilimleri doktoru Prof. **Mehmet Açа**

Докторант Оралбек Алмастың «8D02304 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы: шығармашылығы, ақындық ортасы, текстологиясы (қолжазба негізінде)» атты диссертациялық зерттеу жұмысына берілген шетелдік кеңесшінің (филология ғылымдарының докторы, профессор Мехмет Ача)

ПІКІРІ

Қорғауға ұсынылып отырған докторант Оралбек Алмастың «Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы: шығармашылығы, ақындық ортасы, текстологиясы (қолжазба негізінде)» атты зерттеу жұмысы әлі де толық ғылыми айналымға түспеген тың жұмыс деуге болады.

Зерттеудің негізгі мазмұны үлкен екі тарау және осы тараулардың мәнін ашып, толықтыратын тараушаларды қамтиды. Диссертацияның зерттеу нысанына алынған ақын Әбдіғали Сариевтің ақындық ортасы, шығармашылық өмірі, ақын шығармаларының қоғамдық рөлі, әдебиеттегі маңызын негізге алуға бағытталған кешенді зерттеу деуге болады.

Әбдіғали Сариевтің ақын бьолып қалыптасуы ақындық айналасынан, өзіне дейінгі өмір сүрген атақты ақындардан жалғасған дәстүр сабақтастығынан басталады. Жетісу ақындық мектебінің сол дәуірдегі қалыптасқан жоғары деңгейі ақын Әбдіғалидың отты өлеңдер тудырып, өзі өмір сүрген қоғамның бейнесін дәл суреттеуіне нақты әсерін тигізірген.

XX ғасырдың басында өмір сүрген халық ақындары, яғни Қабан жырау, Жанақ, Түбек, Кемпірбай, Өске, Құлмамбет, Майкөт, Қаркабат, Сарбас, Досмағамбет, Сабырбай т.б көптеген ақындар әлі де болса түбегейлі зерттеуді талап етеді. Осылардың арасында өз заманының алғыр ақыны Әбдіғали Сариевтің өмірі мен шығармашылығының жете зерттелмей, ғылыми тұрғыда өз орнын таба алмай келеді. Ақынның артына қалдырған әдеби мұрасы да жетерлік. Ақынның үш томдық өлеңдер жинағына топтастырылған шығармаларын түпнұсқасымен салытырылып, текстологиялық талдаулар жасалады.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және методологиялық негізі ретінде әдебиеттану ғылымының жетістіктері, ғылыми ізденістері басшылыққа алынды. Әсіресе, қазақ поэзиясын, оның тарихы мен теориясын, сондай-ақ ақындардың, жыраулардың, жыршылардың шығармашылығын қарастырған еңбектер зерттеудің негізгі методологиялық әрі ғылыми тірегі болды. М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, С.Бегалин, З.Қабдолов, З.Ахметов, М.Жолдасбеков, С.Садырбаев, С.Қасқабасов, Н.Төреқұлов, т.б. ғалымдардың еңбектеріне, ғылыми зерттеулеріне зер салынып, қажеттілігіне орай пайдаланылды.

Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары мен тараушалары бір-бірімен мазмұндық әрі логикалық жағынан сабақтастыққа құрылған. Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген. Диссертанттың өзіндік тұжырымдары көркем мәтіндерді талдауларға негізделген, нақты материалдармен дәлелденген.

Докторант Оралбек Алмастың зерттеу жұмысының негізгі мазмұны жөнінде ҚР Білім және ғылым саласындағы Жоғары аттестаттау комитеті бекіткен ғылыми журналдар мен шетелдік басылымдарда мақалалар жариялап, баяндамалар жасаған. Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы жеткілікті.

Осы айтылған пікірлерді ескере отырып, диссертация авторы Оралбек Алмастың «8D02304 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп есептеймін. Сондықтан осы сала бойынша алғашқы зерттеу жұмысы ретінде әрі өзіндік айтары «Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы: шығармашылығы, ақындық ортасы, текстологиясы (қолжазба негізінде)» атты диссертациялық жұмысты диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға негіз бар.

Шетелдік кеңесші, филология
ғылымдарының докторы, профессор **Мехмет Ача**

/қолы бар/ /мөрі бар/